

"Астана қаласының мектепке дейінгі ұйымдарындағы 2015 жылға бір тәрбиеленушіге мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыруды және ата-ананың ақы төлеу көлемін бекіту туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 14 мамырдағы № 107-727 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 8 қазандағы № 107-1778 қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2015 жылы 23 қазанда № 958 болып тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 3 мамырдағы № 107-862 қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 03.05.2016 № 107-862 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 37-бабына, Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 6-бабының 3-тармағының 7-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 4 мамырдағы № 198 бұйрығына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының мектепке дейінгі ұйымдарындағы 2015 жылға бір тәрбиеленушіге мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыруды және ата-ананың ақы төлеу көлемін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 14 мамырдағы № 107–727 қаулысына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 21 мамырда № 907 болып тіркелген, 2015 жылғы 28 мамырдағы № 56 (3261) «Астана ақшамы», 2015 жылғы 28 мамырдағы № 56 (3279) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыға қосымша мынадай мазмұндағы реттік нөмірі
 98 - 2 ж о л м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н :
 «

98-2.	Астана қаласы әкімдігінің «№ 84 «Кәусар» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	240	27 778	3 жасқа дейін – ; 3-6 жастан – 16 8
-------	---	-----	--------	---

»

2. 2015 жылғы 1 қыркүйектен бастап «Астана қаласы «Есіл» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бекітілген қаржыландыру жоспары шегінде тәрбиелеу мен оқыту бойынша мектепке дейінгі ұйымның ағымдағы ш ы ғ ы н д а р ы н ө т е с і н .

3. «Астана қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы осы қаулыны кейіннен ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген интернет-ресурста және Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында жариялаумен әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді жүргізсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Е.Ә. А м а н ш а е в қ а жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен соң күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкімнің міндетін атқарушы С. Хорошун